



Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 ақпандағы N 220 және 2000 жылғы 31 наурыздағы N 482 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 8 тамыз N 1218

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылға арналған заң жобалау жұмыстарының жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 ақпандағы N 220 P000220_ қаулысына:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2000 жылға арналған заң жобалау жұмыстарының жоспарында:

реттік нөмірі 11-жол алынып тасталсын;

2) "Мемлекеттік мүлікті жекешелендірудің және басқарудың тиімділігін арттырудың 1999-2000 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2000 жылға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 31 наурыздағы N 482

P000482_

қаулысына:

көрсетілген қаулымен бекітілген, Мемлекеттік мүлікті жекешелендірудің және басқарудың тиімділігін арттырудың 1999-2000 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2000 жылға арналған іс-шаралар жоспарында:

реттік нөмірі 1 және 2-жолдары алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ